

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 73 "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 101 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 14 мамырдағы № 9421 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 24.11.2014 № 511 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 73 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8399 болып тіркелген, 2013 жылы 17 шілдедегі № 172 «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларында :

60-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«60. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджеттік өтінімді беттері нөмірленген бір дана қағаз тасығышта, брошюра түрінде және мемлекеттік органдардың электрондық бірыңғай құжат айналымы жүйесін пайдалану арқылы электрондық құжат түрінде не электрондық тасығыштарда енгізеді.»;

66-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, қолданыстағы заттай нормаларға және стратегиялық жоспарлардың жобаларына немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды, бұл ретте, бюджеттік өтінімдерді қарау кезінде әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың түрлері бойынша есептеу кезінде бағдар ретінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет бірлігі бағасының

дерекқоры (бұдан әрі – Бағалар дерекқоры) пайдаланылады. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бағалар дерекқорында көзделген тауар, жұмыс, қызмет бірлігі іс жүзіндегі орташа құнынан аспайтын құнына бағдарланады. Бағалар дерекқорында жоқ болған жағдайда, жоспарланған шығыстарды негіздейтін құжаттар (шарттардың көшірмелері, прайс-парақтар) п а й д а л а н ы л а д ы ; » ;

66-1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, аумақтарды дамыту бағдарламасының көрсеткіштеріне және қолданыстағы заттай нормаларға сәйкес келуі тұрғысынан қарайды, бұл ретте, бюджеттік өтінімдерді қарау кезінде әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар түрлері бойынша есептеу кезінде бағдар ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бағаларының дерекқоры пайдаланылады. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бағалар дерекқорында көзделген тауарлар, жұмыстар, қызметтер бірлігінің іс жүзіндегі орташа құнынан аспайтын құнына бағдарланады. Бағалар дерекқорында жоқ болған жағдайда, жоспарланған шығыстарды негіздейтін құжаттар (шарттардың көшірмелері, прайс-парақтар) п а й д а л а н ы л а д ы ; » .

2. Бюджеттік жоспарлау және болжамдау департаменті (Ж.Т. Тоқабекова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі мен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Министр

Е. Досаев